



№31 (856) 01.08.2025

E-mail: nurliolke@mail.ru
 nurlyolke.kz

КАЗАХСТАН И ТУРЦИЯ УКРЕПЛЯЮТ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

29 ИЮЛЯ 2025 ГОДА В СТОЛИЦЕ ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКИ – ГОРОДЕ АНКАРА – СОСТОЯЛОСЬ ПЯТОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА СТРАТЕГИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА ВЫСОКОГО УРОВНЯ МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКОЙ ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ГЛАВ ГОСУДАРСТВ – ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА И ПРЕЗИДЕНТА ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКИ РЕДЖЕПА ТАЙИПА ЭРДОГАНА.



В рамках заседания главы государств обсудили широкий спектр вопросов двустороннего взаимодействия, затрагивающих ключевые секторы экономики, энергетики, транспорта, инвестиций, образования, культуры, обороны и туризма, сообщает Акорда. Особое внимание было уделено перспективам дальнейшего углубления стратегического партнёрства и реализации совместных проектов, имеющих долгосрочный и взаимовыгодный характер.

Как подчеркнул Касым-Жомарт Токаев в ходе выступления, казахстанско-турецкие отношения последовательно развиваются в духе доверия, открытости и устойчивого взаимного интереса. Основой этого служат общие исторические и духовные ценности, а также общность позиций по многим вопросам международной повестки. Глава государства отметил, что Казахстан заинтересован в дальнейшем продвижении партнёрства с Турцией и готов к выведению двусторонних отношений на более высокий уровень. Президент напомнил, что между двумя странами сформирована широкая договорно-правовая база, включающая более шестидесяти соглашений, которые охватывают практически все сферы сотрудничества. В день проведения заседания подписан ещё ряд новых межправительственных и межведомственных документов, направленных на укрепление взаимодействия.

Отдельное внимание стороны уделили вопросам расширения торгово-экономического сотрудничества. По официальным данным, в 2024 году объём двустороннего товарооборота между

Казахстаном и Турцией достиг 5 миллиардов долларов США. Казахская сторона выразила готовность увеличить экспорт в Турцию не менее чем на 1 миллиард долларов, представив перечень из 34 видов казахстанской продукции, включая продукцию агропромышленного комплекса, металлургии, химической промышленности и машиностроения. При этом Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность не только количественного роста, но и диверсификации структуры взаимной торговли, отметив необходимость расширения ассортимента турецкой продукции, поставляемой в Казахстан.

Особое внимание в ходе заседания было уделено развитию транспортно-логистического потенциала и инфраструк-

турной интеграции двух стран. Президент Казахстана заявил, что его страна придаёт приоритетное значение развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута, как ключевого звена в обеспечении устойчивого товарооборота между Востоком и Западом. В этой связи была выражена заинтересованность в привлечении турецких инвестиций в строительство современных железнодорожных линий, портов, сухих терминалов и судостроительных объектов на территории Казахстана. Стороны также обсудили возможность организации прямых железнодорожных и морских маршрутов, которые позволят сократить логистические издержки и повысить конкурентоспособность казахстанских и турецких товаров на внешних рынках.

Глава государства отдельно остановился на инвестиционном климате в Казахстане. В своём выступлении он подчеркнул, что проводимые в стране экономические и административные реформы направлены на кардинальное улучшение условий для ведения бизнеса и защиту интересов иностранных инвесторов. Новый Налоговый кодекс предусматривает внедрение режима роялти, который будет стимулировать углублённую переработку сырья внутри страны. В этой связи Касым-Жомарт Токаев пригласил турецкий бизнес к созданию совместного инвестиционного фонда и участию в проектах в горнодобывающем секторе, а также в освоении стратегически важных месторождений.

В энергетической сфере стороны обсудили возможности расширения поставок казахстанской нефти через нефтепровод Баку – Тбилиси – Джейхан. Казахстан подтвердил готовность увеличить объёмы экспорта в данном направлении и отметил важность стратегического партнёрства с Турцией в сфере энергетической безопасности. Кроме того,

Президент Токаев пригласил турецкие энергетические компании к участию в проектах, направленных на снижение дефицита электроэнергии в Казахстане. В частности, ожидается дальнейшее развитие сотрудничества между национальной нефтегазовой компанией «КазМунайГаз» и турецкой Türkiye Petroleum.

В ходе заседания были подробно рассмотрены возможности расширения сотрудничества в агропромышленном комплексе. Четверть всего экспортируемого Казахстаном зерна, треть хлопка и 26 процентов зерновой клейковины поставляются в Турцию. На сегодняшний день в аграрном секторе Казахстана с участием турецкого капитала реализуется 23 инвестиционных проекта на сумму 1,3 миллиарда долларов США. Из них 18 проектов уже введены в эксплуатацию, и производимая продукция активно экспортируется на международные рынки.

Стороны также рассмотрели перспективы углубления партнёрства в сферах информационных технологий, искусственного интеллекта, оборонной промышленности, гражданской авиации, финансовых технологий, здравоохранения и культуры. Особый акцент был сделан на укреплении образовательных связей между двумя странами. В ближайшее время в Астане и Алматы начнут свою работу две школы Фонда «Маариф», а также откроются филиалы ведущих университетов Турции. Президент Токаев также напомнил, что по его личной инициативе в турецкой провинции Газипат, пострадавшей от разрушительного землетрясения, в декабре прошлого года было начато строительство новой школы. Завершение строительства и ввод в эксплуатацию учебного заведения запланированы на 2026 год.

В целях развития гуманитарных контактов и поддержки положительной динамики в области туризма было принято решение об установлении 90-дневного безвизового режима для граждан Турции на территории Казахстана. Этот шаг, как отметили участники заседания, создаст дополнительные условия для расширения культурного обмена, туризма и деловых поездок.

В ходе переговоров Президент Турции Реджеп Тайип Эрдоган тепло поприветствовал казахстанскую делегацию и лично Касым-Жомарта Токаева, назвав Казахстан его «второй Родиной». Он выразил искреннюю признательность за достигнутый уровень двустороннего сотрудничества, отметив, что Турция придаёт большое значение укреплению партнёрства с Казахстаном. Президент Эрдоган поздравил казахстанский народ с 180-летием великого поэта и мыслителя Абая Кунанбайулы, подчеркнув культурную и духовную близость народов.

По итогам заседания Касым-Жомарт Токаев и Реджеп Тайип Эрдоган подписали Совместную декларацию по итогам пятого заседания Совета стратегического сотрудничества высокого уровня, а также официальное решение заседания. В рамках визита Главы государства в Турцию было подписано 18 двусторонних межправительственных и межведомственных соглашений, охватывающих ключевые сферы двустороннего взаимодействия.



Назёрке ИНАКЫНОВА

В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ СНИЖАЕТСЯ УРОВЕНЬ БЕЗРАБОТИЦЫ: АКЦЕНТ НА ИНВЕСТИЦИИ, ОБУЧЕНИЕ И ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ

НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА АКИМ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ МАРАТ СУЛТАНГАЗИЕВ ДОЛОЖИЛ О ТЕКУЩИХ МЕРАХ, ПРЕДПРИНИМАЕМЫХ В РЕГИОНЕ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ И СОЗДАНИЯ НОВЫХ РАБОЧИХ МЕСТ. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛА ПРЕСС-СЛУЖБА АКИМА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Как отмечается, в регионе зафиксировано снижение количества зарегистрированных безработных. Основной упор в работе делается на развитие инвестиционных проектов и реализацию Региональной карты по созданию рабочих мест. В частности, в инвестиционном навигаторе области размещены 73 проекта на общую сумму 1,7 трлн тенге. Реализация этих проектов предполагает создание около 21 тысячи новых рабочих мест.

По информации пресс-службы, в рамках Региональной карты запланировано создание 2 820 постоянных рабочих мест по проекту «Комфортная школа», а также более 450 рабочих мест — по «Концепции развития малого и среднего предпринимательства».

Марат Султангазиев отметил, что важно оценивать не только количественные, но и относительные показатели занятости. «По сравнению с прошлым годом уровень безработицы снизился с 4,7 % до 4,6 %», — сообщил аким области.



Кроме того, по словам главы региона, работа с безработными гражданами ведется с учётом реальных потребностей рынка труда. Более 800 человек планируется трудоустроить на постоянной основе через профессиональное обучение. Основная часть слушателей проходит обучение непосредственно на предприятиях, совмещая теорию с практическим освоением профессии. Также пресс-служба уточняет, что в онлайн-формате об-

учение уже прошли 5,2 тысячи человек, которые смогли получить новые компетенции.

Для повышения эффективности в сфере занятости в Алматинской области реализуется ряд цифровых проектов. По информации пресс-службы, успешно работает цифровой сервис «Производственная практика», который помогает подбирать места стажировки для студентов и автоматически сопоставляет канди-

датуры с работодателями. Также активно используются инструменты «Мансап компасы» и платформа «Enbek.kz».

Как подчёркивается в сообщении пресс-службы, комплексный подход, включающий инвестиции, обучение и цифровизацию, позволяет стабильно снижать уровень безработицы и повышать вовлечённость населения в экономическую активность региона.

Дина АМИРОВА



ШЕКАРАНЫ ҚОРҒАУ – ЕЛДІ ҚОРҒАУ

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІ БАСТАДЫ.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау – ұлттық қауіпсіздіктің басты кепілі. Бұл маңызды міндетті ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамына кіретін Шекара қызметі атқарады. Құрлықта, теңізде, ішкі және суасты кеңістіктерінде шекара күзетін жүзеге асыратын ведомствоның негізгі мақсаты – еліміздің аумақтық тұтастығы мен шекара мызғымастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ шекаралық кеңістікте заңдылық пен тәртіпті сақтау.

Осы орайда, 2025 жылғы 10 шілдеден бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметіне мерзімді әскери қызметке іріктеудің 1-кезеңі басталғанын хабарлаймыз. Әскери қызмет атқаруға ынталы 18 бен 25 жас аралығындағы азаматтар Қонаев қаласындағы Қорғаныс істері жөніндегі департаментке (әскери комиссариатқа) барып, тиісті құжаттарын тапсырып, кеңес ала алады.

Іріктеуге қатысу үшін мекенжай:
Қонаев қаласы, Ивушка көшесі, 1Б
Байланыс телефоны: 8 (727) 72 4 12 87

Шекара қызметі – нағыз ерлердің жолы. Бұл тек әскери міндет емес, бұл – Отан алдындағы борыш, ел шебін күзетуге атсалысу. Қызмет барысында сарбаздар жоғары деңгейдегі дайындықтан өтіп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында құнды тәжірибе жинайды.

Іріктеу науқанына байланысты барлық сұрақтар бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілі, майор Алиякбаров Тимур Николаевичке хабарласуға болады.

Ел шебін күзету – әр азаматтың қасиетті парызы!

РЫБАЧИМ С УДОВОЛЬСТВИЕМ И ПО ЗАКОНУ

Лето - сезон отдыха! Рыбалка особенный отдых кто любит побывать на природе... Любительское (спортивное) рыболовство – лов рыбных ресурсов и других водных животных в целях удовлетворения спортивных и эстетических потребностей, проведения спортивных состязаний, а также для личного потребления выловленной продукции, осуществляемый орудиями лова, позволяющими проводить только поштучный лов (непромысловые орудия лова).

Любительское (спортивное) рыболовство осуществляется удилищами (удочками) всех наименований (блесна, кармак, жерлицы, спиннинги) с крючками не более пяти штук на одного рыболова, ружьями для подводной охоты, сачками, мормышками, петлями и раколовками не более трех штук на одного рыболова.

Специальные ставные приспособления и ружья для подводной охоты используется вне зоны отдыха населения, а также на закрепленных рыбохозяйственных водоемах и (или) участках для рекреационного рыболовства, обозначенных пользователем животным миром в специальных местах.

Любительское (спортивное) рыболовство в резервном фонде рыбохозяйственных водоемов и (или) участках до пяти килограммов на одного рыболова за выезд, осуществляется бесплатно без каких-либо разрешений.

Любительское (спортивное) рыболовство в резервном фонде рыбохозяйственных водоемов и (или) участков свыше пяти килограммов на одного рыболова осуществляется на платной основе по разрешениям, выдаваемых местными исполнительными органами согласно письменному заявлению физических лиц.

Любительское (спортивное) рыболовство на закрепленных рыбохозяйственных водоемах и (или) участках осуществляется физическими лицами на основании путевки, выданной пользователем животного мира за которым закреплен рыбохозяйственный водоем и (или) участок по их устному или письменному заявлению.

Рыболов при осуществлении любительского (спортивного) рыболовства на рыбохозяйственном водоеме и (или) участке обязан при себе иметь:

1. Путевку (для закрепленных водоемов и (или) участков);
2. Разрешение (для резервного фонда рыбохозяйственных водоемов и (или) участков при вылове и других водных животных свыше пяти килограммов);
3. Документ, удостоверяющий личность.

Желаем отдыхающим удачного улова!

**Главный специалист отдела Капшагайской
рыбной инспекции Хабдай А.**



КИБЕРҚАУІПСІЗДІК – ӘР АЗАМАТТЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Қазіргі цифрлық дәуірде интернет-алаяқтық пен киберқылмыстар тек жаһандық проблема ғана емес, еліміз үшін де өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты Алматы облысының Полиция департаменті Қонаев қаласында жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Жуырда киберқылмыстардың алдын

алуға арналған екі бірдей ауқымды профилактикалық іс-шара өткізілді. Апта сайын Қонаев қаласында өтетін «Aspan Fest» қалалық фестивалі аясында ұйымдастырылды. Қаланың тұрғындары мен қонақтары жиналған алаңда полиция қызметкерлері интернет желісін, әлеуметтік желілерді және онлайн-сервистерді

қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндірді. Олар азаматтарға интернеттегі фишинг, жалған сілтемелер, алаяқтық сайттар мен жеке деректерді ұрлау тәсілдері туралы ақпарат беріп, кибершабуылдардан қалай қорғану керектігін нақты мысалдармен жеткізді.

– Біздің басты мақсатымыз – тек киберқылмыстардың алдын алу ғана емес, азаматтардың санасында қауіп бар екенін ескерту. Біз маңызды ақпаратты халыққа түсінікті тілмен жеткізуге тырысамыз, – деп атап өтті Полиция департаментінің өкілі.

Фестиваль қонақтары полиция қызметкерлерінің ашық қарым-қатынасы мен пайдалы кеңестерін жылы қабылдап, ризашылықтарын білдірді.

Сондай-ақ, қаладағы түрлі мекемелерде өткен цифрлық сауаттылықты артты-

руға бағытталған түсіндіру кездесулері болды. Полиция қызметкерлері Халыққа қызмет көрсету орталығының ұжымы мен бірнеше банктердің, атап айтқанда, «ЦентрКредит Банкі», «Халық Банкі», «ForteBank» және «Alatau Bank» филиалдарының қызметкерлеріне киберқауіптер туралы жан-жақты ақпарат берді.

Кездесулер барысында фишинг, банк шоттарын бұзу, жалған интернет-ресурстар арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттердің түрлері айтылып, әсіресе онлайн-банкінг жүйесін пайдаланатындар мен әлеуметтік желі қолданушыларына нақты кеңестер ұсынылды.

Азаматтарға жеке деректерді қауіпсіз сақтау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз нөмірлер мен сервистерге банк деректерін жібермеу сынды маңызды қағидалар түсіндіріліп, ақпараттық жадынамалар таратылды.

– Мұндай түсіндіру шаралары тұрақты түрде өткізіліп тұрады және азаматтардың интернетте қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ жоғары технологиялар саласындағы құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған, – деп мәлімдеді тәртіп сақшылары.

Киберқылмыстар қазір кез келген отбасының, кез келген адамның басына түсуі мүмкін қауіп. Алаяқтар жалған банктік қызметкердің бейнесінде қоңырау шалып, әлеуметтік желіде сенімге кіріп, жеке деректерді иемденуге тырысады. Осындай жағдайда халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің басты қажеттіліктерінің бірі.

Қоғамның барлық мүшелері – жастардан бастап егде жастағы азаматтарға дейін – интернет кеңістігінде қауіпсіз болу ережелерін білуі тиіс. Осы бағыттағы түсіндіру жұмыстары Қонаев қаласында тұрақты негізде жалғасып келеді.

Ерлік КЕБЕКБАЙ



«АТА-АНА.KZ» ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ: АТА-АНАЛАРҒА ҚОЛДАУ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ ШЫҒА МА?

ҚАЗАҚСТАНДА СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ, ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА НАҚТЫ ҚАДАМДАР ЖАСАЛЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ ОРАЙДА БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУҒА ТҰРАРЛЫҚ.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, 2025 жылдың алғашқы алты айында елімізде отбасын қолдау бағытында бірқатар жүйелі бастамалар жүзеге асты. Ең ауқымды өзгерістердің бірі – Отбасын қолдау орталықтарының саны үш есе артып, 33-тен 124-ке жетті.

Бұл – әлеуметтік қолдау тетіктерінің өңірлерге дейін кеңейіп, халыққа жақындай түскенін білдіреді. Аталған орталықтар бірыңғай үлгі бойынша жұмыс істеуге көшіп, жыл басынан бері 100 мыңнан астам адамға қызмет көрсеткен. Нақтырақ айтқанда, 5 мыңнан астам отбасыға

психологиялық, құқықтық және әлеуметтік қолдау көрсетілген.

Мемлекеттік деңгейде қабылданған жаңа заң да бұл бағыттағы жұмысты айтарлықтай жандандырды. 2024 жылы күшіне енген әйелдер құқығы мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заң отбасылық саясатты жетілдіруге үлкен серпін берді. Бұл заңның аясында Отбасын қолдау орталықтарының жұмыс форматы түбегейлі жаңартылып, олардың қызметі енді заман талабына сай цифрландырумен толықтырылып отыр.

Атап айтқанда, Астана, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ОҚО-лардың жұмыс процестері цифрландырылып, “Ata-ana.kz” ата-аналар академиясы атты онлайн платформа іске қосылмақ. Бұл ата-аналарға арналған білім беру, кеңес беру және қолдау жүйесін жаңа деңгейге шығарады.

Отбасы – тек шағын әлеуметтік ұя емес, мемлекеттің болашағының іргетасы. Сондықтан аналар мен әкелер рөлін көтеру бағытындағы шаралар да жүйелі түрде қолға алынған. Биыл Аналар күніне орай ел аумағында мыңнан астам іс-шара өткізіліп, әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға баса мән берілді. Ал Әкелер күніне байланысты Астанада «Әке. Отбасы. Қоғам» атты Х Республикалық форум

өтіп, онда белсенді әкелер мен сарапшылар бас қосып, қоғамдағы әке институтын нығайту жолдарын талқылады.

Халықаралық деңгейдегі іс-шаралар да назардан тыс қалмады. 2025 жылдың ақпанында «БҰҰ-Әйелдер» ұйымының Еуропа және Орталық Азия өңірі бойынша директоры Белен Санс Люкенің елімізге жасаған сапары аясында, Бейжің декларациясы мен Тұрақты даму мақсаттары шеңберінде жоғары деңгейдегі өңірлік кездесу ұйымдастырылды. Бұл жиын Қазақстанның гендерлік саясаттағы ашықтығын және халықаралық міндеттемелерге берік екенін көрсетті.

Гендерлік теңдік пен отбасылық тұрақтылық саласындағы ғылыми негіз де назардан тыс қалмаған. Қазақстандық қоғамдық даму институтының жанынан құрылған отбасылық және гендерлік саясат жөніндегі зерттеу орталығы елдегі өзекті мәселелерді зерттеп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша Ұлттық есеп дайындауда. Сонымен қатар, қазақстандық қоғамдағы гендерлік стереотиптерді сараптап, Ақпарат және қоғамдық даму комитетінің сайтында «Гендерлік мұқтаждық пен қажеттіліктер картасын» әзірлеу бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр.

Айта кетейік, Қонаев қаласында да отбасы институтын нығайтуға бағытталған бірқатар әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асуда. Қазіргі таңда қалада отбасын қолдау орталықтары өз жұмысын жалғастырып, тұрғындарға психологиялық, заңдық және әлеуметтік кеңес беру қызметтерін ұсынып келеді.

Шолпан ҚАРАЕВА

«АРДАГЕР ӨСИЕТІ» МАРАФОНЫ ҚОНАЕВТА ЖАЛҒАСТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА «АРДАГЕР ӨСИЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР МАРАФОНЫ БАСТАУ АЛҒАН БОЛАТЫН. РУХАНИ ЭСТАФЕТАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ, ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІ АРТТЫРУ, ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН НЫҒАЙТУ, ТАРИХ ПЕН АТА-БАБА ЕРЛІГІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ.

Еліміздің батыс және оңтүстік облыстарын аралап, Алматы облысына жеткен өсиет хатты табыстау рәсімі Қонаев қаласындағы Ардагерлер саябағында облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен салтанатты түрде өтті. Аманат хатты табыстауға арналған бұл шараға жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ләззат Мырзабекова, қалалық ардагерлер кеңесінің

төрағасы Базарбай Оралбаев, полиция департаменті жанындағы тәлімгерлер кеңесі төрағасының орынбасары Қалижан Алпысбаев, Семей полигонынан зардап шеккендер ұйымының төрағасы Зарыққан Есілбаев, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Қанат Жақұпов, облыстық басқармалардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, ардагерлер, көпбалалы аналар, жастар мен еріктілер қатысты.



Жиынды ашқан Ләззат Мырзабекова Ақтөбе қаласынан бастау алған және бүгін Қонаев қаласына жетіп отырған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар эстафетасының жастар үшін рухани маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, ұрпақтар сабақтастығын терең сезіндіретін тағылымды шара бабалар аманатын арқалаған жастардың бойына отансүйгіштік рухты сіңіруге үлес қосып, тарихи жауапкершілікті арттыруға сеп болады. Сондай-ақ бұл хат – жай қағаз емес, халықтың амандығы мен болашаққа деген сенімнің, ел мен жерге деген махаббаттың, Отан үшін от кешкен ардагерлерге деген құрметтің, өткенді ұмытпай, болашаққа үмітпен қараудың символы екенін баса айтты.

Одан кейін қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев пен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Қанат Жақұпов батыр бабалардың рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың парызы екенін айтып, жастарды елге қыз-

мет етуге, тарихты ұмытпауға шақырды.

Шара барысында Алматы қаласы Наурызбай ауданы қауымдастық орталығының басшысы Ермұхаммед Палмағанбетов “Ардагерлер өсиеті” хатын Ләззат Мырзабековаға салтанатты түрде табыстады. Одан кейін облыстық жастар ресурстық орталығы ұйымдастыру бөлімінің маманы Аяулым Сәрсенбаева соғыс ардагерлері атынан арнайы жазылған бұл өсиет хатты көпшілік алдында оқып берді. Аманат хатта Отанды сүю, елге адал қызмет ету, тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сақтау, ата-ананы қадірлеу және білімге ұмтылу жөнінде тағылымды ақыл-кеңестер жазылған.

Салтанатты шара соңында жиналған қауым Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қойып, Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтар рухына тағзым етті. Алматы облысы марафон эстафетасын Жетісу облысына жолдады.

Шолпан ҚАРАЕВА

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА «КЕНЖЕМ ҚАЙДА?» КӨРКЕМ ФИЛЬМІ ТҮСІРІЛІП ЖАТЫР

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ЖАҢА КИНОТУЫНДЫ – «КЕНЖЕМ ҚАЙДА?» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНІҢ ТҮСІРІЛІМІ БАСТАЛДЫ.

Фильмнің алғашқы түсірілім күні дәстүрге сай «тәрелке сындыру» рәсімімен ашылды. Аталған жоба өткен жылғы ұлттық питчинг нәтижесінде мемлекеттік қолдауға ие болған туындылардың бірі болып табылады.

Картинаның режиссері – әлеуметтік мәселелерді көтеретін «Игрок», «Черный двор», «Приговор» фильмдерімен танымал Диас Бертис (Құлмақов). Режиссердің айтуынша, бұл туынды отбасылық қарым-қатынастардың астарында жатқан терең сырлар мен адам жанындағы жараларды көркем тәсілмен жеткізуді көздейді.

«Кенжем қайда?» фильмі тағдыр сынынан өткен жалғызбасты ана Гүлнәздың өмірін баяндайды. Оқиға желісі бойынша кейіпкердің ұлы жоғалғаннан кейін отбасының ішкі қайшылықтары, жасырын сырлары біртіндеп ашыла бастайды. Бұл – детектив элементтері бар психологиялық драма.

Ұлттық киноны қолдау орталығының басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағалидің айтуынша, Мәдениет және ақпарат министрлігі мен орталық идеологиялық маңызы бар тақырыптарға ерекше мән береді. «Кино – тек өнер ғана емес, ол – идеологияның қуатты құралы. Сондықтан отбасылық құндылықтар, ұрпақ тәрбиесі, жауапкершілік пен рухани сабақтастық мәселелерін қозғайтын жобалар әрдайым өзекті. «Кенжем қайда?» фильмі – осындай мазмұны терең, маңызы жоғары туынды», – деді ол.

Айта кетейік, биыл Ұлттық киноны қолдау орталығының қолдауымен 16 көркем фильм түсіріліп жатыр. Олардың қатарында «Бүркітші», «Тревожная ночь», «Дни», «38», «Сағындым сені», «Мұғалім», «Команда А», «Жібек», «Победителей видно на старте» сынды жобалар бар.

Назерке ИНАҚЫНОВА



«ӨМІР – КҮРЕС. МЕН КҮРЕСТЕН ЕШҚАШАН ТАЙЫНБАДЫМ»

**Қонаев қаласындағы ардагер ұстаз
Жақсылық Мұстафаевпен сұхбат
Сұхбаттасқан: Назерке Инақынқызы**

Қонаев қаласындағы «Шарапат» арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында тұрып жатқан 83 жасар Жақсылық Боранғазыұлы Мұстафаев – бүкіл саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған еңбек ардагері. Ол – өмірден түйгені мол, жан дүниесі терең, шығармашылыққа бейім, жүрекпен жазатын сыршыл жан. Өмір жолы – бір адамның тағдыры ғана емес, тұтас бір дәуірдің көрінісі.

БАЛАЛЫҚ ШАҚ – СОҒЫСТЫҢ КӨЛЕҢКЕСІНДЕ

– Мен 1942 жылы 29 қаңтарда Алматы облысы Іле ауданына қарасты Жетіген ауылында дүниеге келдім. Ол кезде Екінші дүниежүзілік соғыс қызып жатқан. Ер-азаматтар майданға аттанып, бар ауыртпалық әйелдер мен балалардың мойнында қалды. Әкем Боранғазы Мұстафаұлы да шақыру қағазын алған күні-ақ әскери комиссариатқа кеткен. Ол кезде анам мені құрсағында көтеріп жүрген екен. Көп ұзамай үйге «қара қағаз» келіп, әкемнің қаза тапқаны белгілі болды. Бірақ анама бұл хабарды бірден айтпапты. Көршілер ақылдасып, оны біраз уақыт жасырып ұстаған. Себебі анам бар күш-жігерін маған арнап, жалғыз өзі бағып-қағып жүрді. Мен алғаш атымды атап, қолымды жайып «апа» дегенде ғана қаралы хабарды естірткен екен.

“БҰЛ БАЛА АДАМ БОЛМАЙДЫ...”

– Мен дүниеге келгенде өте әлсіз, кіп-кішкентай болыппын. Көрші әйелдер шешеме қарап: «Бұл бала адам болмайды, құтыл, бекер әуре болма», – депті. Бірақ анам мені құдайдың аманаты деп қабылдап, әкемнің тымағын бесік етіп, соған бөлеген. Қолына алуға қорқыпты, тым нәзік болған екенмін. Кейін анамның жалғыздығын ұмыттырып, оның жан серігі бола бастаппын.

ЖЕТІМДІКТІҢ ШЫНДЫҒЫ

– Соғыстан кейінгі жылдар да оңай болған жоқ. Аштық пен жоқшылық елдің еңсесін езді. Мектепті орташа

бағамен аяқтап, жетім балаларға арналған техникумға түстім. Ол жерде тегін тамақ, киім, жатақхана берілді – біз үшін үлкен мүмкіндік болды. Байланыс мамандығын меңгеріп, ауылға оралып, пошта бөлімшесінде жұмыс істедім.

Күні бойы абоненттердің ақауын жөндеп, адамдардың алғысын алу – мен үшін үлкен бақыт еді. Радио арқылы Ғарифолла Құрманғалиев, Ермек Серкебаев, Роза Бағланова сынды өнер иелерінің әндерін тыңдап, рухани ләззат алатынымын. Кешкісін кітапханаға барып, орыс әдебиетін қызыға оқыдым.

АРМАНҒА ЖОЛ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПОЭМАДАН БАСТАЛДЫ

– Ең үлкен әсер қалдырған шығарма – Антон Макаренконың «Педагогикалық поэмасы» болды. Содан кейін менің жүрегімде мұғалім болсам деген арман оянды. 28 жасымда бар батылдығымды жинап, Есік қаласындағы педагогикалық училищеге құжат тапсырдым.


Емтиханда музыкадан «Широка страна моя родная» әнін айтып, орыс тілінен диктанттан «3», математикадан «4» алып, оқуға түстім. 23 сом стипендия алып, жатақханада тұрып, бар күшімді білімге арнадым.

ҰСТАЗДЫҚҚА АДАЛДЫҚ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

– Оқу бітірген соң, бастауыш сынып мұғалімі болдым. Қазақ пен орыс балалары аралас сыныпқа сабақ беру – үлкен жауапкершілік. Орыс мектебінде дайындаған әдістемелерімді қазақша жеткізу оңай болмады. Бірақ үздіксіз дайындық пен тәжірибе жинақтау арқылы оқушылардың жүрегіне жол таба білдім.

“ҚОЯН МЕН ТҮЛКІ” ӘДІСІ

– Мен ойлап тапқан әдістің аты – “Қоян мен түлкі”. Бір оқушыны «қоян» деп тақтаға шығарамын. Ол оқиды немесе есеп шығарады. Қалғаны – «түлкі». Егер қоян қателессе, бірінші байқаған түлкіге баға қойылады.



Рөлдер ауысып отырады. Бұл тәсіл балалардың зейінін, сын тұрғысынан ойлауын дамытады. Ең бастысы – сабаққа бәрі белсене қатысады.

ЗЕЙНЕТ – ТОҚТАУ ЕМЕС, ЕКІНШІ ТЫНЫС

– Зейнетке шыққанымды байқамай да қалыппын. Бірақ мен үшін зейнет – тоқтап қалу емес. Жанымдағы кемпіріммен ақылдасып, мал шаруашылығына араластық. Мен – қойшы, ол – сауыншы болды. Табиғат аясында еңбек ету – үлкен шабыт берді. Сол жылдары көптеген өлеңдер жаздым.

“КҮРЕСТЕН ҚАШҚАН – АДАМДЫҚТАН АЙЫРЫЛАДЫ”

– Өмір – күрес. Ал күрестен қашқан адам – адамдықтан айырылады. Мен ешқашан күрестен тайынған емеспін. Қандай қиындық болсын, қарсы жүріп келемін. Жастарға айтарым – оқудан, еңбектен, ізденістен тайынбаңдар. Жетістікке жетудің жалғыз жолы – тынымсыз еңбек пен табандылық.

ТАБИҒАТ ТЫНЫСЫ МЕН ЖҮРЕК ЛЕБІ

Жақсылық ағаның өлеңдері – оның ішкі жан дүниесінің көрінісі. Жүрекпен жазылған төмендегі шумақтар – табиғатқа, тыныштыққа, өткен күндерге деген сағыныштың көркем өрімі:

Шеңгелді маңы теріскен,
Табиғаты қандай келіскен.
Қарасам көзім тоймайды,
Кеудемде сөздер қоздайды.
Бір ән салшы “пендем” деп,
Бір Аллам мені қолдайды.

Сайда жатыр қойларым,
Бырт-бырт шайнап шөптерін.
Тыныштық мені қоршады,
Тыныштық қандай ғажайып!
Төбемнен бір бозторғай,
Шырылдайды ән салып,
Әні қандай тамаша.
Шаттанамын балаша,
Айналам сондай керемет.
Түссең де түнек тереңіне,
Аттан түсіп аунасам,
Есіме түсіп балалық,
Елжірейді жүрегім.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК ДАМУ НӘТИЖЕЛЕРІН РАСТАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Денсаулық сақтау қызметкерлері үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы бойынша маман біліктілік санатын алады немесе растайды.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің соңғы 5 жылдағы ҰКД нәтижелерін денсаулық сақтау ұйымының басшысы растайды. Денсаулық сақтау қызметкері үздіксіз кәсіптік даму (әрі-қарай - ҰКД) нәтижелерін куәландыратын құжаттары болған кезде негізгі жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы 1-қосымшасына сәйкес өлшемшарттарда көзделген растайтын құжаттарды ұсынады. Шет тілінде берілген құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен ұсынылады.

ҰКД нәтижелерінің әрбір өлшемшарты үшін персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы СБ есептейді. ҰКД-нің қорытынды нәтижесі қосымша білім, формалды емес білім және қосымша құзыреттер үшін СБ-ны қосу арқылы соңғы 5 жыл бойынша есептеледі.

Формалды емес білім беру нәтижелері бойынша № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тарауына сәйкес қосымша құзыреттер бойынша Қағидаларға 1-қосымшаның 3-тарауына сәйкес есептеледі. ҰКД нәтижелерін куәландыратын құжаттардың өлшемшарттарына қойылатын талаптарына сәйкес келмеуі ҰКД нәтижелерін растаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Денсаулық сақтау қызметкеріне біліктілік деңгейін беру үшін:

1) білім дипломымен расталған біліктілік деңгейіне сәйкес денсаулық сақтау саласында білімінің болуы;

2) аккредиттелген бағалау жөніндегі ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесімен расталған білім мен дағдылар;

3) көрсетілетін қызметтердің электрондық тіркелімінен немесе кәсіптік қызмет туралы есептен расталған, құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған кәсіптік стандарттың талаптарына сәйкес мәлім-

делген біліктілік деңгейіне сәйкес келетін еңбек функцияларын орындауы;

4) персоналды басқару қызметі және медициналық ұйым басшысы куәландырған ҰКД іс-шаралары қажет.

Біліктілік деңгейлері үшін үздіксіз кәсіптік даму іс-шараларының жалпы көлемі 210 СБ құрайды. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуы біліктілік санаты жоқ, екінші біліктілік санаты, бірінші біліктілік санаты, жоғары біліктілік санаты болып бөлінеді.

• Біліктілік санаты жоқ маман сертификатын алуға үміткерлер қосымша білімі базалық деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 150 сынақ бірлігі (сағаты), формалды емес білімі кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат), қосымша құзыреттер кемінде 10 сынақ бірлігі болуы қажет.

• Екінші біліктілік санатына үміткерлер қосымша білімі базалық немесе орта деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 150 сынақ бірлігі (сағаты), формалды емес білімі кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат), қосымша құзыреттер кемінде 10 сынақ бірлігі болуы қажет.

• Бірінші біліктілік санатына үміткерлер қосымша білімі орта немесе жоғары деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 120 сынақ бірлігі (сағаты), формалды емес білімі кемінде 50 сынақ бірлігі (сағат), қосымша құзыреттер облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 40 сынақ бірлігі болуы қажет.

• Жоғары біліктілік санатына үміткерлер қосымша білімі жоғары немесе мамандандырылған деңгейдегі біліктілікті арттырудың кемінде 60 сынақ бірлігі (сағаты), формалды емес білімі облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 60 сынақ бірлігі, қосымша құзыреттер облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кемінде 90 сынақ бірлігі болуы қажет.

Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар медицина қызметкерлері бағалау қағидаларына сәйкес білімі мен дағдыларын бағалаудан өтпей-ақ тиісті біліктілік деңгейі бар мамандық бойынша маман сертификатына куәлікті қайта ресімдей алады. Санат беру туралы куәліктің мерзімі өткен немесе кезекті санат алуға үміткерлер дағдыларды бағалаудан өтулері шарт. Дағдыларды бағалау ситуациялық есептерді шешу кезінде компьютерлік және имитациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады (кейс тестілеу). Дағдыларды бағалаудың шекті

деңгейін уәкілетті органның келісімі бойынша бағалау ұйымы әрбір ситуациялық тапсырма үшін белгілейді. Жағдаяттық есептерді шешудің шекті деңгейінен өтпеген үміткерге тестілеуді қайта тапсыруға алдыңғы жағдайды тестілеу өткізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Біліктілік деңгейін бастапқы немесе кейінгі тағайындау кезінде медициналық қызметкерлерді бағалау келесі кезеңдерді дәйекті түрде аяқтауды қамтиды: білімді бағалау және кейс тестілеу (ситуациялық есептерді шешу); біліктілік деңгейіне сәйкес келетін құзыреттерді бағалау. Бірінші кезең тест сұрақтарын және ситуациялық есептерді шешуді (кейс тестілеу) қолдану арқылы білімді тізбектей бағалауды қамтиды.

Білімді бағалаудың бір нұсқасындағы тест сұрақтарының жалпы саны 100 сұрақты құрайды. Кейс тестілеу нұсқасындағы ситуациялық тапсырмалардың жалпы саны бес тапсырманы құрайды. Білімді бағалау кезеңіне 100 минут (1 сағат 40 минут), кейс тестинг тапсыруға үміткерлерге 90 минут уақыт беріледі. Білімді бағалаудың түпкілікті нәтижесі білімді бағалау аяқталғаннан кейін барлық дұрыс жауаптар үшін ұпайларды жинақтау арқылы қалыптасады. Білімді бағалаудың шекті деңгейінен өтпеген үміткер кейс тестілеуіне қатысуға жіберілмейді.

Дағдыларды бағалауды сәтті өткен үміткерлер біліктілік деңгейі санатына өтініш беру үшін келесі құжаттарды сәйкес мемлекеттік органға жібереді:

- Өтініш формасы;
- Жеке басын куәландыратын құжат;
- «денсаулық сақтау» мамандығы бойынша орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом;
- Мәлімделген мамандық және (немесе) мамандық бойынша интернатурада немесе резиденттурада немесе клиникалық ординатурада немесе қайта даярлау немесе сертификаттау курсына (болған жағдайда жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар үміткерлер үшін) оқуды аяқтағаны туралы құжаттар;
- Басқа елдерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған талапкердің білімін мойындайтын құжат;
- Үміткердің еңбек қызметін растайтын құжат немесе интеграциялық дерек

• Тегін, атын, әкесінің атын өзгертуді растайтын құжат;

• қолданыстағы мамандық немесе мамандандыру бойынша маман сертификатының немесе мәлімделген мамандық бойынша санаттың көшірмесі

• Мәлімделген біліктілік деңгейі бойынша соңғы 5 жылдағы медицина қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижелерін және растайтын құжаттарды, кәсіби қызметі туралы есепті немесе электрондық тізілім ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін келесі негіздер болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;

6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Туындаған сұрақтар бойынша келесі телефонға хабарласуға болады: 8 (72772) 2-38-57

ХАЛЫҚТЫ ЖОСПАРЛЫ ИММУНДАУ – МАҢЫЗДЫ

Бүгінгі таңда адамзаттың ең үлкен жетістіктерінің бірі – жұқпалы аурулардың алдын алудағы табыс. Бұл жетістікке жету – жоспарлы профилактикалық екпелердің (иммундаудың) арқасы. Вакцинация арқылы әлем көптеген қауіпті ауруларды (қызылша, көкжөтел, полиомиелит, туберкулез т.б.) бақылауға алды.

Иммундаудың мақсаты:

Жоспарлы екпелер – адамдарды белгілі бір жұқпалы аурулардан қорғау мақсатында уақытылы және жүйелі түрде жүргізілетін алдын алу шарасы. Бұл – жеке адамды ғана емес, бүкіл қоғамды аурудан сақтау тәсілі.

Маңыздылығы:

1. Ауыр дерттің алдын алады. Екпе егу арқылы адам қауіпті ауруға шалдықпайды немесе жеңіл түрде өткізеді.
2. Асқынулар мен мүгедектікке жол бермейді. Вакцинасы жоқ жағдайда аурудың салдары ауыр болуы мүмкін.
3. Ұжымдық иммунитет қалыптасады. Халықтың көп бөлігі егілген кезде ауру қоздырғыштары айналымнан шығып, егілмегендер де қорғалады (мысалы, сәбилер, ауыр дертпен ауыратындар).
4. Қоғамдық денсаулық сақталады. Эпидемия мен пандемияның алдын алады.
5. Мемлекет үшін экономикалық тиімділік. Емдеуге кететін шығын азаяды, жұмысқа жарамдылық сақталады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, балалар туған сәтінен бастап түрлі ауруларға қарсы тегін егіледі. Мысалы:

Туберкулезге қарсы — туғаннан кейінгі 1—4 күнде; Гепатит В, көкжөтел, қызылша, қызамық, паротитке қарсы;

Пневмококк, полиомиелит және тағы басқа инфекцияларға қарсы.

Қазіргі таңда екпеден бас тарту жағдайлары жиілеп келеді. Бұл қауіпті тенденция, себебі екпеден бас тартқан адамдар инфекцияны тарату көзіне айналуы мүмкін.

Әрбір ата-ана, әрбір азамат – қоғам алдындағы жауапты тұлға. Өз баласының ғана емес, басқа балалардың да қауіпсіздігі үшін вакцина алу – азаматтық парыз.

Қорытындылай келе иммундау – бұл таңдау емес, бұл денсаулық кепілі.

«Алдын алу – емдеуден маңызды» деген қағиданы ұстанып, екпені дер кезінде алу – сау болудың басты жолы. Халықтың иммундауға деген сенімі – ұлттың денсаулығының негізі.

Н.Медетов,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы



Трихинеллез — адам мен жануарлар арасында таралатын қауіпті паразитарлық ауру. Бұл дерттің қоздырғышы — Trichinella spiralis атты дөңгелек құрт, ол көбіне жабайы және үй шошқасының, аю, борсық, қасқыр, түлкі, қабан сияқты жануарлардың етінде кездеседі.

Жұғу жолдары:
Адам трихинеллезбен шала піскен немесе шала қуырылған етті жеу арқылы жұқтырады. Аурудың басты жұғу жолы — ауыз арқылы, яғни ластанған ет өнімдерін дұрыс термиялық өңдемей пайдалану.


Ауру белгілері:
- Асқазан-ішек жолдарының бұзылуы (іштің ауыруы, жүрек айну, құсу);
- Бұлшық ет ауруы, әсіресе көз айналасы мен аяқ-қол бұлшықеттері;
- Қызба (38–40°C дейін);
- Бет пен көздің ісінуі;
- Әлсіздік, дененің қызаруы, аллергиялық бөртпе.
Аурудың ауыр түрінде жүрек, өкпе, орталық жүйке жүйесі зақымданып, тіпті өліммен аяқталуы мүмкін.

Алдын алу шаралары:
1. Шошқа және жабайы аң етін міндетті түрде ұзақ қайнатып, жақсылап қуырып жеу;
2. Етті санитариялық зертханалық тексеруден өткізу, әсіресе аңшылықтан кейін;
3. Жабайы аңдар етінен дайындалған тағамдарды балалар мен қарт адамдарға бермеу;
4. Мал сою кезінде және ет өңдеу барысында жеке қорғаныс құралдарын қолдану (қолғап, алжапқыш);
5. Ет өнімдерін күдікті жағдайларда сатудан, сатып алудан бас тарту;
6. Ветеринариялық-санитариялық бақылауды күшейту, әсіресе үй шаруашылықтарында.

Қорытынды:
Трихинеллез — алдын алуға болатын, бірақ адам өмірі үшін өте қауіпті ауру. Сондықтан әрбір азамат ет өнімдерін дұрыс өңдеп, қауіпсіз тағам мәдениетін ұстануы тиіс. Халықтың санитариялық сауаттылығы — бұл аурудың алдын алудың басты шарты.

Н.Медетов,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

ТРИХИНЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖҰҒУ ЖОЛДАРЫ



ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазіргі қоғамда балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен құқықтық тәрбиесі — басты назардағы мәселе. Әсіресе жазғы демалыс кезінде олар лагерьде, көшеде немесе интернетте түрлі қауіп-қатерге тап болуы мүмкін. Осы орайда «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы аясында Қонаев қаласында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында нақты шаралар қолға алынуда.

Жуырда Қонаев қаласының прокуратурасы, төтенше жағдайлар басқармасы және ювеналды полиция қызметкерлері бірлесіп, қала маңындағы Jellyfish Camp балалар сауықтыру лагерінде профилактикалық әңгіме өткізді. Шараның негізгі мақсаты — балаларға құқықбұзушылықтың алдын алу жолдарын түсіндіру, қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Мамандар лагерьдегі күнделікті тәртіп, су айдындарындағы қауіпсіздік, тұрмыстық жағдайлардағы сақтық, сондай-ақ жолда жүру ережелері туралы кеңінен тоқталып, нақты мысалдар келтірді. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқыққа қайшы әрекеттердің салдары, жеке қауіпсіздікті сақтау

жолдары және интернет кеңістігіндегі қауіпті жағдайлар жан-жақты түсіндірілді.

Балалардың ерекше назарын аударған тақырыптардың бірі — буллингтің алдын алу. Психологиялық қысым мен қудалаудың қандай зиян келтіретіні, оған қалай қарсы тұруға болатыны жайлы ашық әңгіме өрбіді. Интернеттегі қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады — кибербуллинг, жеке деректердің құпиялылығы және бейтаныс адамдармен байланыс орнатудың салдары туралы айтылды.

– Мұндай кездесулер — балалардың бойында құқықтық сананы, жауапкершілік сезімін және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Біз тек ескертіп қоймай, өмірлік маңызды дағдыларды үйретуді көздейміз, — деді шараға қатысқан құқық қорғау органдарының өкілдері.

Жауапты ведомстволардың пікірінше, бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде, түрлі мамандардың қатысуымен жалғасатын болады. Себебі, қауіпсіздік — бір күндік іс емес, ұдайы назарда ұсталуы тиіс құндылық.

Ерлік КЕБЕКБАЙ

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату» тақырыбына қоғамдық тыңдау
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 12.08.2025ж. бастап 10 жұмыс күі ішінде өтеді.
Интернет ресурстары: ndbecology.gov.kz
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «GedeonRichterKZ» ЖШС
Өкілі: Ким Евгения Викторовна
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: ndbecology.gov.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша білуге болады: Алматы қ., Төле Би к-сі 187, 104 ҚҚ, тел: 8 747 5004030
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және электрондық поштаға gkp_proekt@mail.ru

1 Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1
3.Общественные слушания в форме публичный обсуждений состоятся в период с 12.08.2025 г. в течении 10-ти рабочих дней.
Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «GedeonRichterKZ»
Представитель: Ким Евгения Викторовна
Контакты: тел.8 747 500 40 30
5.Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: ndbecology.gov.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, ул. Толе Би 187, оф 104, тел: 8 747 5004030
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и на электронную почту gkp_proekt@mail.ru

Ввиду открытия наследства после смерти гражданина СТАРОВОЙТОВА АЛЕКСАНДРА ЮРЬЕВИЧА, умершего 06 июня 2025 года, наследникам обращаться к нотариусу Бахтияровой А.С., по адресу: город Қонаев, 4-ый микрорайон, дом 30, справки по телефону 87017887058

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Черкасовой Галины Павловны, умершей 23.06.2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Баймукановой Г.Т. по адресу: г. Конаев, 4 мкр, дом 30 или по телефону: 8-705-575-40-11

ҚОНАЕВТА БІЛІМ САПАСЫ АРТТЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ МЕН ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ САПАСЫ ӨСТІ. 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БҮЛ КӨРСЕТКІШ 68,3%-ДЫ ҚҰРАП, ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА (64%) 4,3%-ҒА ЖОҒАРЫЛАДЫ.

Биыл мектептерді 631 оқушы тәмамдады. Оның ішінде 45 түлек «Алтын белгі» иегері атанса, 66 оқушы үздік аттестатпен бітірді.

ҰБТ-ға 557 түлек тіркеліп, тестілеуден өтті. Олардың ішінде 110-нан 140 балл аралығында жоғары нәтиже көрсеткендер саны – 46, ең жоғары балл – 133.

Жалпы түлектердің 573-і Қазақстандағы жоғары оқу орындарына, 22-сі шетелдік оқу орындарына түсті, 7 түлек еңбек жолын бастады. Сонымен қатар тоғызыншы сыныптың 135 оқушысы үздік аттестат алды.

Қала мектептерінің оқушылары ин-

теллектуалды жарыстарда да табысты болуда. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиадада №4 мектептің оқушысы Ямина Абибова бірінші орын иеленді. Сонымен қатар жеті оқушы республикалық байқауларда жеңімпаз атанды. Ташкентте өткен халықаралық конференцияда №2 гимназия оқушылары Таисия Дерягина мен София Свиргоцкая Бас жүлдеге ие болды.

Қала мектептерінде 1096 педагог еңбек етеді, оның 654-і біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Білім беру үдерісіне BilimLand, Daryn.online және OnlineMekтер цифрлық платформалары енгізілуде.



2025 жылы оқулық сатып алуға 134,8 млн теңге бөлініп, 38 570 дана кітап жеткізілді. Мектептерде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде, төрт мектеп пен төрт балабақшаға күрделі жөндеу жобалары дайындалды.

Білім саласындағы жүйелі жұмыстар өз

нәтижесін көрсетуде. Білім бөлімі сапаны арттыру мен талантты оқушыларды қолдау бағытындағы жұмыстарды жалғастыра бермек.

Қонаев қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ: КОНАЕВ ПРОСТИЛСЯ С ОКСАНОЙ ДЕМИДОВНОЙ БЕТЕБАЕВОЙ

С ГЛУБОКОЙ СКОРБЬЮ В ГОРОДЕ КОНАЕВ ВОСПРИНЯЛИ ИЗВЕСТИЕ О КОНЧИНЕ ВЕТЕРАНА ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ, УЧАСТНИЦЫ ФРОНТОВЫХ СОБЫТИЙ С ПЕРВЫХ ДНЕЙ, ЗАСЛУЖЕННОГО МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКА, ПОЧЁТНОГО ГРАЖДАНИНА ГОРОДА КОНАЕВ — ОКСАНЫ ДЕМИДОВНЫ БЕТЕБАЕВОЙ. ОНА УШЛА ИЗ ЖИЗНИ 28 ИЮЛЯ 2025 ГОДА НА 106-М ГОДУ ЖИЗНИ.

Оксана Демидовна родилась 7 октября 1920 года. С июня 1941 года по май 1945 года проходила службу в рядах Советской армии в качестве медицинской сестры. С первых дней войны трудилась в эвакогоспитале №1668 в городе Полтава, позднее — в Шувее (Московская область), где окончила военные годы в звании старшего медицинского советника.

В тяжелейших условиях бомбёжек, под постоянным риском для жизни, она спасала раненых бойцов, проводила бессонные ночи в операционных. За годы службы в госпиталях Оксана Демидовна оказала медицинскую помощь тысячам солдат, проявив выдающуюся силу духа, сострадание и профессионализм.

После Победы вместе с супругом, фронтовиком Бекежаном Келгенбаевым, она служила в Германии, а затем вернулась на родину — в Казахстан. Работала в Жаркентской городской больнице, затем лаборантом в школе села Іле, а позднее семья переехала в город Конаев. До последних дней жизни она оставалась примером стойкости, скромности и преданности делу.

За боевые заслуги и послевоенный трудовой вклад Оксана Демидовна была награждена орденом Отечественной войны II степени, медалью Жукова, юбилейными наградами к 50-, 60-, 65-, 70-, 75- и 80-летию Победы, а также другими государственными наградами, включая медаль «10 лет Астане».

В 2025 году ей было вручено юбилейное отличие к 80-летию Великой Победы.

29 июля 2025 года жители города Конаев с особым почтением и глубокой



благодарностью проводили Оксану Демидовну Бетебаеву в последний путь. Проститься с ветераном пришли аким города Асхат Бердыханов, депутаты городского маслихата, представители акимата, председатели и активисты общественных организаций, сотрудники сферы здравоохранения, педагоги, жители города.

Церемония прощания прошла со всеми полагающимися воинскими и гражданскими почестями. Прозвучали слова благодарности, воспоминания о её подвиге, о беззаветной любви к Родине и к людям. Участники выразили искреннюю признательность за всё, что Оксана Демидовна сделала ради мира и будущих поколений.

В связи с невозможной утратой аким города Конаев Асхат Бердыханов выразил соболезнование семье Бетебаевых:

Уважаемая семья Бетебаевых!

С глубоким прискорбием воспринял известие о кончине ветерана Великой Отечественной войны, достойной труженицы, уважаемой матери и бабушки — Оксаны Демидовны Бетебаевой.

Оксана Демидовна — одна из тех, кто не щадя себя с первых дней войны самоотверженно служила Родине. Работая медицинской сестрой в эвакогоспиталях, она спасла жизни тысяч раненых бойцов. И после войны продолжала неустанно трудиться в сфере здравоохранения, внося свой вклад в развитие мирной жизни.

Жизненный путь Оксаны Демидовны — это пример настоящего мужества, самоотверженности и доброты. Память о ней навсегда останется в сердцах всех, кто знал её, кто гордится её подвигом и жизнью.

Разделяю вашу утрату и выражаю искренние соболезнования родным и близким.

Пусть Всевышний дарует вам терпение и силы пережить это тяжёлое время.

Оксана Демидовна прожила 105 лет. Она была живым свидетелем истории, человеком, чья стойкость, трудолюбие, человечность и верность долгу олицетворяли целую эпоху.

Светлая память о ней навсегда останется в истории города Конаев и в сердцах тех, кто знал и уважал её.

Назерже ИНАҚЫНҚЫЗЫ